

ЖЕМ-ШӨП БАЗАСЫ - ҚАРҚЫНДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

КОРМОВАЯ БАЗА – ОСНОВА РАЗВИТИЯ ИНТЕНСИВНОГО ЖИВОТНОВОДСТВА

FEED BASIS – THE BASIS FOR THE DEVELOPMENT
OF INTENSIVE LIVESTOCK PRODUCTION

М.И. СИГАРЕВ*

э.ф.д., профессор

Л.Т. АЛШЕМБАЕВА

экономика ғылымының магистрі

*Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту
ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан*

kazniiapk@mail.ru

М.И. СИГАРЕВ

д.э.н., профессор

Л.Т. АЛШЕМБАЕВА

магистр экономических наук

Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан

M.I. SIGAREV

Dr.E.Sc., Professor

L.T. ALSHEMBAYEVA

Master of Economic Sciences

*Kazakh research institute of economy of agro-industrial complex and rural development,
Almaty, Kazakhstan*

Аңдатпа. Қазақстан аймақтары бойынша мал азығын өндіру саласының мәселелері анықталған. Далалық жемдік дақылдарды мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген. Мал басын есепке ала отырып, экономикалық үлгілердің құрылымы негізінде оларды өндіру мен қайта өңдеудің оңтайлы параметрлері ұсынылған. Авторлар жемшөп өндірісі малды бордақылауға арналған дақылдарды өсірудің механикаландырылған тәсілдерін, жемді дайындау мен сақтаудың тиімді технологияларын пайдалана отырып, оларды өсіру көлемін айтарлықтай арттыруға және сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп атап өткен. Толық азықтандыру - жануарларды қарқынды пайдаланудың және олардың генетикалық әлеуетін барынша толық іске асырудың қажетті шарты болып табылады. Табиғи-климаттық аймақтар және ресурстарды нормалау бойынша жемдік дақылдарды өсірудің экологиялық модельдері негізінде аграрлық өнімді өндіру және оны қайта өңдеу салаларында мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасалған. Осы мәселені шешу үшін республика өңірлерінде жем-шөп дақылдарын өсіруге және оны тежейтін факторларға талдау, экологиялық мониторинг жүргізілген. Табиғи және себілген жем-шөп алқаптарының жай-күйіне баға берілді. Ауыл шаруашылығы мал азығы дақылдарын өсіру бойынша технологиялық карталар жасалды. Аймақтар бойынша жемді өндіру мен қайта өңдеудің инновациялық технологияларын, оларды ауыл шаруашылығы жануарларының әр түрлері үшін қолдану үлгілерін әзірлеу қажеттілігі негізделген. Елде жем-шөп дақылдарын пайдаланудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленген.

Аннотация. Выявлены проблемы отрасли кормопроизводства по регионам Казахстана. Показаны меры государственной поддержки выращивания полевых кормовых культур. Предложены оптимальные параметры их производства и переработки как основы построения экономических моделей, с учетом поголовья скота. Авторы отмечают, что кормопроизводство характеризуется использованием механизированных приемов возделывания культур для откорма скота, эффективных технологий заготовки и хранения кормов, позволяющих значительно увеличить объемы их выращивания и повысить качество. Полноценное кормление – необходимое условие интенсивного использования животных и наиболее полной реализации их генетического потенциала. Сделан вывод о необходимости совершенствования мер государственной поддержки в сферах производства аграрной продукции и ее переработки на основе экологических моделей культивирования кормовых культур по

Abstract. Issues of feed industry in the regions of Kazakhstan have been revealed. The measures of public support of field forage crops are shown. The optimal parameters of their production and processing are proposed as the basis for constructing economic models, taking into account the livestock population. The authors note that fodder production is characterized by the use of mechanized methods of crop growing for fattening livestock, efficient technologies of feed preparing and storing, which make it possible to significantly increase their cultivation and improve quality. Full value feeding is a necessary condition for the intensive use of animals and the fullest realization of their genetic potential. The conclusion is made on the need to improve government support measures in the areas of agricultural production and processing based on ecological models of cultivation of forage crops for natural climatic zones and resource rationing. To solve this problem, the analysis of cultivation of forage crops in the regions of the republic and constraining factors, environmental monitoring were conducted, assessment of the state of natural and sown forage lands was done. Technological charts of cultivation of agricultural fodder crops were developed. The necessity of the development of innovative technologies of production and processing of feed by region, models of their application for various types of farm animals has been justified. Recommendations to improve the economic efficiency of the use of feed crops in the country were done.

Ключевые слова: аграрный сектор, кормопроизводство, кормовые культуры, сельхозтоваропроизводители, государственная поддержка, посевная площадь, комбинированные и концентрированные корма.

Key words: agricultural sector, fodder production, feed crops, agricultural commodity producers, public support, sown area, combined and concentrated feed.

Құнарлы азықтандыру – малды қар-
қынды пайдалануда қажетті жағдайлар
жасау және олардың генетикалық потен-
циалын толықтай іске асыру. Мұның бәрі

Осы мәселені шешу үшін Қазақстан өңірлерінде жемшөп өнімдері мен оның өндірісін дамытуға кедергі келтіретін факторларға талдау жасалған; қоршаған ортаны зерттеу және табиғи және егістік алқаптардың жай-күйін бағалау; ауыл шаруашылық мал азығы дақылдарын өсіруге арналған технологиялық карталар жасалды. Еліміздің өңірлерінде мал азықтарын өндіру және өңдеу бойынша инновациялық технологияларды әзірлеу, әртүрлі ауыл шаруашылық малдың жемшөбін пайдалануға арналған үлгілерін әзірлеу қажет; елде жемшөп дақылдарын өндіру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігі мен ұйым-

дастырылуын жақсарту бойынша ұсыныстарын негіздеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Осы мақсатта экономикалық модельдер құрылды және жемшөп дақылдарын өндіру мен қайта өңдеуді субсидиялаудың тиімділігіне баға берілді, сондай-ақ жемшөп өндірісіндегі субсидиялауды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша әлемдік және отандық тәжірибенің көрсетуі бойынша, өнімді өндіру кезінде шығындардың өтелуі мен өнімділігінің жоғарылауы, малдарды толық азықтандыруына байланысты болады: 25-35% – генетикалық жетістіктерімен анықталса, 17% – күту жағдайына және технологиямен, ал 50-60% – ғылыми негізделген азықтандыру жүйесімен айқындалады [1].

Қазақстанның сүт өнімдерінің өзіндік құны құралымындағы азықтың үлесті шамасы 53,4%, сүт өнімділігі – 2 406 кг, 1 ц сүттің өзіндік құны – 3016 теңгені құрайды [2, 3].

Ауыл шаруашылығы дақылдары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып орналасқан. Республика аумағында құрғақ дала, жартылай шөлді, шөлді, таулы-бөктерлі-шөлді дала, таулы-шөлді, таулы дала аймақтарына бөлінген.

Аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруді талдауда олардың тиімділігі жер шаруашылығының технологияларын пайдалануға да байланысты екенін көрсетеді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндіру барысында ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің келесі технологиялары қолданылады: жеңілдетілген, ғылыми негізделген (минималды, нольдік) және дәлдік [4]. Мысалы, далалы аймақтағы далалық мал азығы дақылдары бойынша: жеңілдетілген технология бойынша сүрлемдік жүгері 110 ц/га құраса, ғылыми негізделген технология бойынша – 135 ц/га құрайды; сәйкесінше 1 ц келетін өзіндік құны – 369 теңге және 354 теңге; құрғақ дала аймақтарында жеңілдетілген технология бойынша түсім ғылыми негізделген – 120 ц/га, өзіндік құны – 395 және 379 теңге; алынған аймақ: жеңілдетілген технология бойынша сүрлемдік жүгері өнімділігі – 90 ц/га, ғылыми негізделген – 100 ц/га, 1 ц өзіндік құны сәйкесінше 408 және 384 теңгені құрайды.

Жеңілдетілген технология. Материалдық-техникалық ресурстардың, минералдық тыңайтқыштар мен ауыл шаруашылық техникаларының тапшылығы жағдайында

жеңілдетілген, арзан агротехникалық тәсілдер мен технологиялар пайдаланылады. Ресурстардың тапшылығы қол еңбегін пайдалануды және жерді өңдеуді азайту есебінен белгілі бір дәрежеде толықтырылады.

Ғылыми негізделген технология. Мұнда инновациялық технологиялар ең жоғары деңгейде қолданылады, аймақтық ерекшеліктер негізінде агротехникалық технологиялар кезекті жүргізіліп отырады және қоршаған ортаға экологиялық әсері ескеріледі, өсімдіктерді аурулар мен арамшөптерден қорғау үшін қолданылатын, тыңайтқыштардың қауіпсіз мөлшері, ауыл шаруашылық дақылдарының биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және қайталама тұздану процесін азайтатын суарудың ең тиімді нормасы таңдалады.

Минималды технологиясы топырақты өңдеу бойынша өсімдіктермен күресудің химиялық құралдарын қолдану арқылы, топырақты терең өңдеуді шағын өңдеу түріне ауыстырады және топырақты дайындау бойынша жұмыстардың қысқартылуын қарастырады.

Нольдік технология – топырақтың құрылымына ең аз зақым келтіретін өңдеу тәсілі, жерді арамшөптерден химиялық қорғаудан кейін, өңделмеген топыраққа сығынды сепкіштер арқылы дақылдарды себу.

Дәлдік егіншілік (жерді игеру) – жер шаруашылығындағы энергияны үнемдеу: егістік аудандарының құрылымын негіздеу; құрамында көпжылдық шөптері бар, соның ішінде бұршақты дақылдары бар жемісті алмастыру қағидаларының негізінде, егіс айналымын әзірлеу және игеру; органикалық тыңайтқыштарды қолдану, минералды тыңайтқыштарды шамамен қолдану; дақылдардың биологиялық талаптарын және топырақты-климаттық жағдайларын ескере отырып, жерді өңдеудің дифференциаланған жүйесі; технологиялық тәртіпті сақтау.

Органикалық жер шаруашылығы – жер шаруашылығының дәстүрлі жүйесімен салыстырғанда бұл жүйенің еңбек сыйымдылығы мен шығымы үнемдірек және қоршаған ортаның экологиясын бұзбай, жермен ұқыпты айналысуға негізделген жоғары сапалы өнім (өсімдіктерден қорғану құралдары мен минералдық тыңайтқыштар пайдаланылмайды) алынады. Жердің құнарлылығын арттыру үшін қордалар мен органикалық тыңайтқыштар қолданылады.

Инновациялық даму өсімдік шаруашылығын дамытудың шешуші факторы болып табылады. Мәселелердің қатарына материалдық-техникалық базамен қанағаттан-

бау жағдайы, инвестициялық капиталдың төмен болуы, жоғары қаржылық тәуекелділік, ауыл шаруашылық жерлерінің тозу процестері, селекциялық және тұқымдық өндіріс жүйесінің дамымауы, салааралық алмасудың эквивалентті болмауы және тағы басқалары жатады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер ғылым мен озық тәжірибелердің технологиялық, генетикалық жетістіктерін жеткілікті түрде пайдаланбайды. Осыған орай, ауыл шаруашылығының шикізаттары мен өнімдерінің нарығында тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетті болуы үшін қажет мемлекеттік қолдауды ескере отырып, ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа тетіктерін қалыптастырудың қажеттілігі туындайды.

Қостанай облысының «Опытное хозяйство», «Заречное» жауапкершілігі серіктестіктерінің көпжылдық тәжірибесі жерді нөлдік және минималды өңдеудің ылғалды үнемдеу технологиясын енгізудің кешенді жүйелі тәсілінде топырақты-климаттық жағдайларың нақты артуындағы сөзсіз артықшылық-тарын растайды.

Жаздық бидай дәндерінің өнімділігі жер өңдеудің минималды технологиясын енгізу барысында 1,5 есеге артады, ал өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану арқылы нөлдік технологияны енгізу кезінде 2 еседен аса артып, егу айналымы 28,7 ц/га дейін өседі, өнімділік жердің құнарлылығының артуына байланысты өседі.

Жеңілдетілген агротехнологиямен салыстырғанда жыл сайынғы өсімдік қалдықтарының далада қалуының салдарынан 0-30 см жер қабатында оңтайлы баланс орнатылады, бұл шаруашылық жағдайында 10-15 т/га органикалық тыңайтқыштарды салғанмен тең.

Талдаудың көрсетуінше, дәлдік жер шаруашылығын енгізу барысында минералды тыңайтқыштарға жұмсалатын шығындарды 28%-ға және шығындар қаражатын 50%-ға біркелкі азайтқанда өнімділік 30%-ға артады.

Ауыл шаруашылық өндірісінде «табиғи шабындылықтар мен жайылымдық жерлер» шаралары жүргізіледі, табиғи жемшөпті жерлері жақсарады, суармалы егістік жайылымдар құрылады. Қарқынды нысандағы азық дақылдарының және көпжылдық шөптердің жаңа сұрыптары өндіріске енгізіледі. Жемдік дақылдардың жаңа түрлері мен қарқынды түрдегі көпжылдық шөптер енгізіліп шығарылады. Шөпті белсенді желдету арқылы шөп дайындау әдістерін жасау, шөптерді ірі шарларға

және орамаларға басу, көк шөпті жасанды сусыздандыру, оларды түйіршіктеу және брекеттеу (түзету), бактериялық ашытқыларды қолдану арқылы химиялық консервілеу және сүрлеу және т.б. әдістер әзірленеді.

Талдауда көрсетілгендей, ғылыми-негізделген технологияларды енгізу жемшөп дақылдарын өсірудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, дөңді дақылдар өнімділігі жеңілдетілген әдіске қарағанда 10%-ға өседі, 1 га жұмсалатын шығындары 29,1%-ға, өзіндік құны 35%-ға төмендейді, пайдалылық деңгейі 51,4%-ға көтеріледі.

Табиғи шабындық кезіндегі шөпті жинау өнімділігі 16%-ға артады, өзіндік құны 20%-ға қысқарады, пайдалылық деңгейі 62%-ға өседі.

Шабындықтың (бұршақты, көпжылдық шөптер) өнімділігі 4,1 ц/га-ға өссе, пайдалылық деңгейі 7,8%-ға артады, ал жаңбырлы жерлерде сүрлемдік дақылдар өнімділігі 31,8 ц/га артып, пайдалылық деңгейі 35,4% өседі.

Азықтық арпа мен сұлыны өсіруге бағытталған ғылыми негізделген технологияны енгізгенде оның өнімділігі артып, ал оны өндіруге жұмсалатын шығындары қысқарады.

Судан шөбі – Қазақстанның құрғақ даласы мен далалы аймақтары үшін бірден-бір өнімді, біржылдық азықтық шөптер тобына жатады. Дақылдардың азықтық сапасы өте жоғары: 100 кг жасыл массаның азықтық құрамында 20-22 азықтық бірлігіне дейін және 2,5-2,8 кг сіңімді ақуызы бар, шөпте 50-57 азықтық бірлігі мен 6,5-6,8 кг сіңімді ақуыз болады. Шөптегі сіңімді ақуыз коэффициенті – 62%-ға дейін, жасыл массада 69%-ға дейін болады. 1 кг судан шөбінің жасыл массасында 60-65 кг-ға дейін каротин болады, бұл жүгері, сұлы мен күздік қара бидайға қарағанда біршама жоғары. Судан шөбі тәтті дәндер тобына жатады және оны барлық жануарлар жоғары тәбетпен жейді.

Могар ерте пісуімен және құрғаққа шыдамдылығымен ерекшеленеді, шөп шабу мен өңдеулерден кейін де тез өсіп, жоғары алым беретін қабілеті бар. Могардың 100 кг жасыл массасында орташа 17-18 азықтық бірлік және 1,8 кг дейін сіңімді ақуызы бар, 100 кг шөпте – 52-54-ке дейін азықтық бірлік және 5,0-5,3 кг сіңімді ақуыз бар.

Соңғы кезде біржылдық шөптердің арасында құрғақшылыққа шыдамдылық жағынан басқа далалық дақылдар арасында бірінші орынға ие болатын азықтық тарылар көп таралуда. Оның 100 кг жасыл

массасында орташа алғанда 19-21 азықтық бірлік және 2,0-2,1 кг сіңімді ақуызы бар болса, ал 100 кг шөпте 48-57 азықтық бірлік және 4,5-6,5 кг сіңімді ақуызы бар.

Сұлылы-бұршақ қоспасын өсіру бойынша ғылыми негізделген технологияны енгізудің нөлдік технология бойынша 1 га жұмсалатын шығындары 3 298 теңгені құрайды, судан шөбі бойынша – 16 745 теңге, могоар шөбі – 18 950 теңге, азықтық тары – 14 950 теңге, арпа – 22 100 теңге, сұлы – 20 700 теңгені құрайды.

Сүрлемдік дақылдарының егістік алаңы Қазақстан бойынша 2018 жылы 98 мың га құрады, өнімділік – 121,2 ц/га, жалпы жинау – 1 185 мың тонна, біржылдық шөптің егістік алаңы – 670 мың га жетті, шөптің өнімділігі – 11 ц/га, жалпы жинау көлемі – 631 мың тонна; көпжылдық шөптің егістік алаңы 2 639 мың га құрайды, шөптің өнімділігі – 18,3 ц/га, жалпы жинау көлемі – 3 878 мың тоннаны құрайды. 2018 жылы мал азығы дақылдарын себудің үлес салмағы егістік алаңының жалпы көлемінің 15,2% құрайды.

Малдың жалпы басына 8,2 млн тонна аралас және концентрацияланған азық қажет [5]. 2018 жылы 5,4 млн тонна мал азығы өндірілген болса, тапшылық жағы 2,8 млн тоннаны құрады. Араластырылған мал азығына қажеттілікті қанағаттандыру үшін егістік алаңдарын және дәнді дақылдар өнімділігін арттыру қажет.

Малды қорада ұстау кезеңінде малдың түріне қарай оның жоспарлы өнімділігін, мал азығы дақылдарының жасыл массасының күтілетін өнімділігін және алынатын соңғы өнімін ескере отырып, азықтандырудың тәуліктік мөлшерінен оған осы кезеңге керекті жемшөбін алдын-ала қамтамасыз ету қажет. Жемшөптің түріне қарай жемшөпке деген қажеттілікті есептеу шартты азықтық бірлік пен сіңімді ақуызға айналдырылады.

Мемлекет және облыстар бойынша мал азығының балансын статистикалық талдауда мал азығына тапшылықтың бар екендігі көрсетілген. Осыдан шығатыны, ауыл шаруашылық малдарының нақты санында: ірі қара мал саны – 6,4 млн бас, ұсақ қара мал саны – 18,2 млн бас; жылқы – 2,2; шошқа – 0,8 және құс – 37 млн бас, сондай-ақ, 21,5 млн га азықтық алқабы, соның ішінде табиғи – 15,5 млн га және егілгені – 6,0 млн га, көпжылдық шөптердің үлесі – 2,2 млн га, біржылдық шөптер – 0,6; сүрлем шөптер – 1,3 млн га және фураждық дақылдар – 1,9 млн га құрайды. Жоғарыда көрсетілген алаңнан 23,8 млн тонна көлемінде мал азығы өндіріледі,

олардың ішінде: ірі азық – 17,9 млн тонна, шырынды азық – 1,3; аралас азық – 1,2; дәнді дақылдар – 3,4 млн тонна екендігін атап өту керек. Азық бірлігіне есептейтін болса: өндіріс бойынша – бір шартты мал басына 11,9 млн тонна азық бірлігі немесе 5,2 ц азық бірлігі, ал зоотехникалық норма бойынша 9 ц азық бірлігі келеді. Осыған орай мал азығының тапшылығы 8,5 млн тонна азық бірлігіне тең, ол қажеттіліктің 42% құрайды. Тапшылық салдарынан мал шаруашылығынан толық алынбайтын мал азығының көлемі: сүт – 632 мың тонна, сиыр еті – 71 мың тонна, қой еті – 29 мың тонна, жылқы еті – 18 мың тонна, шошқа еті – 14 мың тонна. Осыған сәйкес қорытындылай келсек, малды 1 аз.бір./тәул көлемінде толық азықтандырмаудың кесірінен, орташа алғанда, малдың өнімділігі 4-5%-ға төмендейді. Сонымен, 8,5 млн азықтық бірлік азық тапшылығы – жалпы өнімнің (ЖӨ) 14%-ын, яғни жалпы 211 млрд. теңге сомадан қағылу себебі болып табылады [6].

Мал азықтарының ағымдағы балансында республика бойынша шөп пен пішендеме көлемі 15681 мың тонна өндірілген, мұнда тапшылық 11 014 мың тоннаны немесе 41% құрайды. Жемшөп өнімдерін өндіру мен қайта өңдеудің экономикалық модельдерін әзірлеу және құру, мал азықтарының осы түрлері бойынша тапшылықты кезең-кезеңмен қалпына келтіруге ықпал етеді [7].

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша 2018 жылы егілген біржылдық және көпжылдық шөптер 2 824,6 мың га ауданға өсірілді, мұндағы шөптің орташа өнімділігі 36,7 ц/га алынса, жауын-шашынды және суармалы жерлерде 11,7 млн тонна сапалы жемшөп алуға болады. Елімізде 189 млн га жайылым жерлер, 5 млн га аса табиғи шабындықтар бар, осы жерлерде шөп (пішен) пен пішендеме тапшылығының орнын толтыруға болады. Осы мақсатта резерв ретінде – қазіргі таңда объективті себептермен толығымен пайдаланылмағандықтан мал жайылмай және шабындық ретінде де қолданылмай қалған алыс жайылым жерлер болып табылады.

Қазақстанда мал шаруашылығын әрі қарай дамыту мүдделері – бұл ет, сүт, жүн және тағы басқа да аграрлық бағыттағы өнімдер өндірісін арттыру, табиғи жайылым жерлер тәрізді елдің бай жемшөп ресурстарының шаруашылық айналымын жылдам және толық енгізуді талап етеді.

Табиғи жайылым жерлер балансының көрсетуі бойынша, алыс жайылымдарды

есептемегенде, елде 85 млн га іске қосылған жайылым жерлер бар.

Табиғи жайылымдық жерлер – бұл мемлекеттің негізгі қайта қалпына келе алатын жемшөп ресурсы. Қазақстан Республикасының территориясының 70%-ға жуық құрайтын жайылымдық жерлерінің әлеуетті өнімділігі 25 млн тонна және одан да жоғары мал азықтық бірлігіне жетеді. Бірақ, 188 млн га жайылымдық территорияның ішінде тозған жайылым аумағы 48 млн гектардан асады, оның 27 млн гектары алынды.

Табиғи мал азығы аумақтарының тозуының негізгі экологиялық және экономикалық зардаптары жайылымдық ресурстарды тиімсіз пайдалану салдарынан, олардың өнімділігі мен өмір сүру деңгейін төмендетіп отыр.

Еліміздің табиғи жайылымдық жерлерін пайдалану деңгейіне қарай 3 санатқа бөлуге болады.

Біріншісі – ауыл округі тұрғындары малының басын қарқынды пайдаланатын, табиғи су көздерінің қасында орналасқан жайылым жерлер мен ауыл қасындағы жайылым жерлер. Мұндай жайылым жерлердің ауданы 23 млн га құрайды және бұл жерлерде қазіргі кезде жалпы мал басының 70-80%-ы жайылады, ал 1 га жайылымға шаққандағы мал жүктемесінің нормативтік көрсеткіші 3 және одан да жоғары есеге асып кеткен себебінен негізінде тозған.

Мал басын көбейту мақсатында ғана жайылым жерлерді экстенсивті пайдалану тәжірибесі Солтүстік Қазақстан фермерлік шаруашылықтарында көптеп байқалады. Бұндай тәсіл жайылым жерлерге жүктемені ұлғайтуға, олардың тозуы мен жайылымдық экожүйенің біртұтастығын бұзуға алып келеді, бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының материалдық әл-ауқатына теріс әсер етеді [8].

Екінші санат – бұл әртүрлі жауапкершілі шектеулі серіктестіктер (ЖШС), акционерлік қоғамдар (АҚ), өндірістік кооперативтер (ӨК), орман және су шаруашылығы кәсіпорындарына 49 жылға жалға берілген жайылымдық-қолданыс жерлер, сондай-ақ ерекше қорғалатын территориялар. Мұндай жерлердің жалпы ауданы 70 млн га құрайды.

Үшінші санатта – алыс жайылым жерлер, яғни жалпы ауданы 100 млн гектарға жуық мемлекеттік қорға жататын жерлер. Экономикалық және әлеуметтік факторларға байланысты, шағын фермер үшін алыс жайылым жерлерге өздерінің кішігірім табындарына малшы жалдаудың

құны қымбат болғанынан қолжетімсіз болып отыр. Сондай-ақ, алыс жайылым жерлерде жайылым инфрақұрылымы (жолдар, құдықтар, суару құрылымдары) бұзылған, тұрғын үй, жарық, байланыс және басқа да өмірге қажетті жағдайлар жоқ. Алыс қашықтықтағы мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін жеке фермерлердің бірігуі, ауылдық және аймақтық округтарда жайылымдық комитеттердің құрылуы қажет.

Олай болса, бір жайылым жерлер көп мал жайылғандықтан, екіншілері – онда тіпті жайылмағандықтан тозып жатыр.

Мал азығының өндірісімен байланысты мәселенің болашақ тәсілдерінің бірі – бұл бұрынғы алыс жайылым жерлерді қолдану. Мұндай жерлер ұзақ уақыт пайдаланылмай, өзінің потенциалды өнімділігін жартылай қалпына келтірген жерлер. Олар ауыл шаруашылық өндірісінде жайылым шөптер мен мал азығының маңызды қоры ретінде тартылуы мүмкін.

Қазақстан бойынша жайылым жерлер балансы 90 млн га құрайды, соның ішінде ауыл шаруашылық құрылымдары бойынша – 70 млн га, жеке шаруашылықтар бойынша – 20 млн га.

Есептеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылық үшін 34 млн га, жеке шаруашылықтарға – 51 млн га жайылым жерлер қажет, яғни ауыл шаруашылық үшін 36 млн га профицит (қамтамасыздануы 2 есеге жоғары) орнаса, ал жеке шаруашылықтар үшін тапшылық (қамтамасыздану тапшылығы – 39,2%) орнап отыр.

Жеке қосалқы шаруашылықтардағы жайылым жерлердің жетіспеушілігіне байланысты, қазіргі уақытта ауыл шаруашылық құрылымдарына тиесілі жайылымдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің тиімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып мал азығының базасы табылады, ол 1 бас малға шаққанда шығындар құрылымының орташа есеппен 60-85% құрайды.

Жалпы Қазақстан бойынша 1 шартты бас малға 14 центнер мал азықтық бірлігі өндіріледі, бұл зоотехникалық нормадан 2 есе төмен.

Қазақстан бойынша ауыл шаруашылық құрылымдарының 1 шартты бас малға келетін мал азығымен қамтамасыз етілуі – 7,2 ц.аз.бірл., жеке қосалқы шаруашылықтарында – 3,8 ц.аз.бірл.

Жалпы мал азығының өндірісі 58% қажеттілікті қамтамасыз етеді, сонымен бірге, 5,7 млн шартты бас кезінде, ауыл

шаруашылық құрылым-дарының үлесі олардың өндірісінің 61%-ын құрайды.

Осылайша, талдауда көрсетілгендей жеке қосалқы шаруашылықтарда мал азығымен қамтамасыз етілуі төменгі деңгейде қалып отыр, бұл ауыл шаруашылық құрылымдарымен салыстырғанда 2 есеге жуық төмен болып тұр. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы малдарды азықпен қамтамасыз ету, ең алдымен жемшөпті сатып алу арқылы мал шаруашылығының өзіндік құнына әсерін тигізеді және ол оның өндірісіне тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермейді.

Мал мен құстардың өнімділігі төмен болып отыр. Барлық табиғи-шаруашылық аймақтар бойынша жеке қосалқы шаруашылықтарда орташа алғанда сүт өнімділігі – 2 322 кг, сиырдың орташа тірі салмағы – 309 кг, қой жүні (қырқылған) – 2,5 кг, қойдың орташа тірі салмағы – 39 кг, шошқа – 95 кг, жылқы – 328 кг, түйе – 422 кг, тауық жұмыртқасы – 152 дана және тауықтың орташа сойылған салмағы – 1,5 кг.

Малдың түрлеріне қарай малдың шартты басын есептеудің коэффициенттерін пайдалана отырып: сиырлар, жылқылар, түйелер – 1%; басқа ірі қара мал – 0,6; қойлар мен ешкілер – 0,1; шошқалар – 0,3; ересек құстар – 0,02, жеке шаруашылықтар мен ауыл шаруашылық құрылымдарындағы өнімділігіне сәйкес, 1 жылдағы 1 физикалық басқа келетін ц.аз. бірлікпен мал азығына жұмсалатын шығындар анықталады.

Қазақстан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы 1 бас сиырға шаққандағы бір жылдық азық шығыны, ауыл шаруашылық құрылымдарындағы үлес салмағының 53,4% құрады, ірі қара малда – 51,2%, шошқаларда – 53,2%, қойларда – 53,1%, құста – 53%.

Шырынды жемшөптің жинақталған балансы, қолда бар мал басына 5,3 млн тонна шырынды жемшөпті қажет ететіндігін көрсетеді. 2018 жылға дейін тек 1,3 млн тонна сүрленген шөп (силос) өндірілген, сонда 4,0 млн тонна тапшылықты құрады.

Сүрленген шөп өнімдерін өндіру қарқындылығын өнімділікті 400 ц/га-ға дейін жоғарылату және 200 мыңға-дейін сүрлемдік дақылдарды өсіру көлемін ұлғайту жолымен жүзеге асыруға болады [9].

Мал азығы дақылдарын экономикалық бағалау кезінде малдардың белгілі бір қоректік заттары бар азығына қажеттілігінің толық қамтамасыздануы және әр аудан бірлігінен мал азығы өнімінің ең көп шығуын қарқынды негізінде қамтамасыз ету.

Осылайша, негізгі дала дәнді-дақылдарын өсіруде қарқынды технологияларды қолдану Қазақстанның барлық аймақтарындағы құстар мен малдардың барлық түрлерін толыққанды мал азығымен қамтамасыз етуді арттыруға, ал олардың өзіндік құнын түсіруге және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында субсидиялдау есебінен шығындарын біршама өтеп алуына мүмкіндік береді.

Болжамдық есеп бойынша азық дақылдарының өндіріс көлемі 2021 ж. 12 688 мың тоннаға жетеді; ал ірі азықпен қамтамасыздану деңгейі 112%-ға жетеді, шырынды жемшөп – 168%, аралас жемшөп – 42%, асыл тұқымды ірі қара мал басының үлесі – 16,9%, түйелер – 18,1%, жылқылар – 8%, қойлар мен ешкілер – 17,7%, шошқалар – 17,9% және құстар – 31,2%.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес (№423, 2018 жылдың 12 шілдесінде ҚР Үкіметімен бекітілген), 2018-2021 жылдарға 40,4 млрд. теңге бюджеттік қаражаты бөлінген; оның 20 млрд. теңге жемдік астықты форвардық сатып алу есебінен араластырылған жемшөп зауытына қосымша жүктеу үшін; соның ішінде 2018 жылы жемдік астықты сатып алу үшін – 5 млрд. теңге бөлінген. Осыған орай, салынған ақшаның өтемділігі негізінде, мал азығы өндірісін бюджеттік субсидиялауды бірыңғай бағалау – экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік қолдаудың басты бағыты болуы қажет [қараңыз 1].

Біржылдық шөптер бойынша 1 га жерге шаққандағы мал азығы дақылдарын өсіруге бөлінетін субсидиялар – 8 мың теңге, сүрлемдік дақылдарға – 8 мың теңге және көпжылдық шөптерге (шабындының бірінші жылы) – 10 мың теңге бөлінеді [10].

Мал шаруашылығында мал азықтарын тиімді пайдаланудың маңызды экономикалық көрсеткіштері болып мал азығы өндірісінің өзіндік құны және мал шаруашылығы өнімдерінің бірлігін өндіруде жұмсалған шығындану деңгейі табылады. Бұл көрсеткіш әрбір өнімді малдар тобының мөлшерлі құнын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мал азығы шығындарының ұлғаюы, өнімділіктің өсуінен алынған әсерді жабады.

Тұжырымдар. 1.Еліміздің өңірлерінде мал азықтарын өндіру және өңдеу бойынша инновациялық технологияларды әзірлеу, әртүрлі ауыл шаруашылық малдың жемшөбін пайдалануға арналған үлгілерін әзірлеу қажет.

2. Араластырылған мал азығына қажеттілікті қанағаттандыру үшін егістік алаңдарын және дөңді дақылдар өнімділігін арттыру қажет.

3. Малды қорада ұстау кезеңінде малдың түріне қарай оның жоспарлы өнімділігін, мал азығы дақылдарының жасыл массасының күтілетін өнімділігін және алынатын соңғы өнімін ескере отырып, азықтандырудың тәуліктік мөлшерінен оған осы кезеңге керекті жемшөбін алдын-ала қамтамасыз ету қажет.

4. Алыс қашықтықтағы мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін жеке фермерлердің бірігуі, ауылдық және аймақтық округтарда жайылымдық комитеттерді құру қажет.

5. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы жайылым жерлердің жетіспеушілігіне байланысты, қазіргі уақытта ауыл шаруашылық құрылымдарына тиесілі жайылымдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жарлығы. – Астана: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК. – 2017.-160 б.

2 Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. Қазақстан Республикасында мал шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері [Электрондық ресурс]. -2018.- URL:<https://u.to/u9BhFQ> (дата обращения: 13.05. 2019).

3 Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімі 2013-2017 жж. арналған [Электрондық ресурс]. -2018.- URL:<https://clck.ru/Fy65E> (дата обращения: 13.05. 2019).

4 Можаяев Н.И., Серекпаев Н.А. Кормопроизводство: учебник. – Астана: Фолиант, 2009. – 359 с.

5 Об утверждении предельно допустимой нормы нагрузки на общую площадь пастбищ. Республиканский центр правовой информации Министерства юстиции Республики Казахстан.- Астана: Әділет, 2015.- 9 с.

6 Нуркужаев Ж.М., Сигарев М.И., Арыстангулов С.С.: рекомендации по совершенствованию мер государственной поддержки в производстве кормовых культур в Казахстане. -Алматы: Казахский НИИ эконо-

мики АПК и развития сельских территорий, 2018. – 27 с.

7 Жүргенов Ж. С. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу технологиясы. ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, 2011. - 2016.

8 Серекпаев Н.А., Смаилов К.Ш., Стыбаев Г.Ж., Ногаев А.А., Бахралинова А.С. Технология создания сырьевого конвейера на отгонных участках пастбищ для заготовки грубых кормов в степной зоне Акмолинской области: рекомендации. – Астана: Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, 2017. – 27 с.

9 Каракальчев А.С., Базильжанов Е.К., Арыстангулов С.С., Колесникова Л.И. Возделывание смешанных посевов однолетних злаковых и бобовых кормов культур в условиях лесостепной зоны Северного Казахстана: рекомендации. – Астана: Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, 2017. – 21 с.

10 Өлтайұлы С. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру негіздері: оқу құралы / ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық ун-ті. - Алматы : Білім, 2016 . - 175 б.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жарлығы. – Астана: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК. – 2017.-160 б.

2 Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. Қазақстан Республикасында мал шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері [Электрондық ресурс]. -2018.- URL:<https://u.to/u9BhFQ> (дата обращения: 13.05. 2019).

3. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімі 2013-2017 жж. арналған [Электрондық ресурс]. -2018.- URL:<https://clck.ru/Fy65E> (дата обращения: 13.05. 2019).

4 Mozhaev N.I., Serepkaev N.A. Kormoproizvodstvo: uchebnik. – Astana: Foliant, 2009. – 359 s.

5 Ob utverzhdenii predel'no dopustimoy normy nagruzki na obshhuyu plo-shhad' pastbishh. Respublikanskij centr pravovoj informacii Ministerstva justicii Respubliki Kazahstan.- Astana: Әділет, 2015.- 9 s.

6 Nurkuzhaev Zh.M., Sigarev M.I., Arystangulov S.S.: rekomendacii po sovershenstvovaniyu mer gosudarstvennoj podderzhki v proizvodstve kormovykh kul'tur v Kazahstane. -Almaty: